

Ж.К.Тайбек^{1*} , Б.С. Құлбай¹ , А.М. Аппазова¹ , Б.І. Оспан¹ ¹М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, 160000, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

*e-mail: taybek80@mail.ru

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ӘДІСТЕР

Аңдатпа

Мақалада қазіргі кездегі қаржылық даму жағдайындағы және өнеркәсіптік салаларды тұрақтандыруды қамсыздандырудағы инвестициялардың ролі анықталды. Дамыған елдер Қытай, Швеция, Бельгия, Оңтүстік Корея, АҚШ, Германия тәжірибесі мысалында саудадағы, қаржы нарығындағы инвестициялық құралдардың, құнды қағаздардың экономиканы одан әрі құрылымдық нығайтудағы ролі анықталды. Қазақстанда инвестициялық қызметтің даму деңгейі 2024 жылғы жалпы көлем 19,4 трлн теңгені құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 7,5% - ға артық болып, тауарлар мен қызметтер нарығында бәсекелестік орта дамып, монополиялық жүйе әлсіреді, нарықтық қатынастардың дамуы, жеке капиталды құру мен жинақтауға адамдардың ынталарын артқандығы байқалды. Қазіргі кезде кәсіпорындардың кез-келген активтерін, жылжымайтын мүлікті сатып алуы мен тез сатуы, қосымша акцияларын шығаруы, өндірістік қызметтерінің жалпы жағдайы экономикалық талдаудың әдістері арқылы жүзеге асып, кәсіпорындарға инвестиция тарту арқылы қаржы құралдарын қамсыздандыру тәуекелдердің артқандығын көруге болады. Елдегі құбылмалы инфляциялық жағдай мен экономикалық-қаржылық өзгерістердің тұсында, кәсіпкерлік субъектілерін несиелеудегі ең өзекті мәселелердің бірі – монетарлы активтердің құнын дұрыс анықтау мен инвестициялардың жеткіліктілігі көлемін дұрыс бағалау. Мақаланың мақсаты - қазіргі кездегі дамып келе жатқан не дамушы елдердегі кәсіпорындарға инвестициялар тарту барысындағы қиындықтарды, кейбір келеңсіз факторларды анықтау, қаржыландыруға қажетті қаржылық талдау шараларын бағалау, ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Бұл мақалада қазіргі кезде әлемдегі инвестициялық ахуалдың өзгеруі салым құнының өзгеруі әсерінен, кейбір елдердегі кәсіпорындардың жарғылық капиталына салынатын инвестицияның көлемі өзгерістері мен себептері, банктердің, компаниялардың, ШОБ кәсіпорындарының инвестиция тартудағы кездесетін мәселелері, инвестициялық саясаттың ұлттық экономикаларға әсері зерттеледі.

Негізгі сөздер: кәсіпорындарды қаржыландыру, инвестициялық бағдарламалар, ШОБ субъектілері, инвесторлар тарту, Ұлттық экономика, қаржыландыру көздері.

Кіріспе

Елімізде инфляциялық және қаржылық көрсеткіштердің өзгермелі жағдайы, әртүрлі географиялық және мәдени орталарына байланысты инвестициялардың жұмсалуды, әлемдегі күрделі капитал ағымы, жұмыс күшіне, еңбекақыға сұраныс көлемінің өзгерістері, қазіргі кездегі инвестициялардың көлемі мен құрылымы қазір үлкен өзгерістерге ие.

Дамыған елдердің капитал құю бойынша саясатының өзгеруі, дамушы елдердегі несиелер бойынша базалық мөлшерлемелердің тез өзгеруі, кейбір аймақтардағы экономикалық жағдайдың құбылмалылығы инвестициялардың тартымдылығы мен қайтарымдылығын қарастыруды қажетсінеді, мысал ретінде Қытай, Швеция, Бельгия, Оңтүстік Корея, АҚШ, Германия елдерінде көрінісін тауып отыр. Бұл мысалдар Қазақстанның AIFC - тен бастап әлемдік инвесторлар мен компаниялар пайдаланатын нақты өндірістік объектілер мен инфрақұрылымға дейін тартымды модельді қалай жасайтынын көрсетеді [1].

Елімізде инвестицияларды құю мен корпоративті клиенттерді кредиттеу көрсеткіштерінде де бірқатар проблемалар туындап отыр. Елдер бойынша қаржыландыру мен инвестициялар салу көлемінің өсуі жаңадан құрылған және бұрыннан келе жатқан кәсіпорындардың тартылған қаражаттары көздеріне қызығушылығын арттырады, бұл жекелеген аймақтардағы бизнес белсенділікті нығайтады.

Алайда кәсіпорындарды инвестициялау мен қаржыландыру саласында бірқатар түйінді факторлар бар, атап айтқанда олардың несиелік және төлем қабілеттіліктерін бағалау әдістері әлі де жетілдірілмеген, не ескі әдістер тиімді емес.

Қазіргі кездегі кең қолданысқа ие олардың ең негізгілері - активтердің өтімділігін сипаттайтын өтімділік коэффициенттері, қаражат көздерін тиімді басқаруды кешенді талдауды көрсететін қаржылық тәуелділік коэффициенттері, компанияның ресурстарын пайдалану тиімділігін талдауға арналған айналымдылық коэффициенттер, пайдалылық коэффициенттері.

Көптеген зерттеушілер Дүниежүзілік банктің Еуропа және Орталық Азия елдеріндегі тұрақты негізде жүргізіліп отыратын «Іскерлік және кәсіпкерлік ортаның сипаты» (Business Environment and Enterprise Performance Surveys (BEEPS)) зерттеулерінің мәліметтерін пайдалана отырып, ШОБ-тың сыртқы қаржыландыруға қол жеткізуге ықпал ететін көптеген әсер етуші факторларын зерттейді.

Қазіргі кездегі әлемдегі инвестициялық ахуалдың еліміздің экономикасына әсері зерттелген және мүмкіндіктері қарастырылып, жаңа салаларға инвестициялар тартудың қажеттіліктері айтылды.

Кәсіпорындардың қаржы жағдайын талдаудың қазіргі кездегі қолданыстағы негізгі әдістерінің жаңа экономикалық жағдайлардағы тиімділігі, дамыған елдердің тәжірибесін енгізу, жаңа озық үлгілі қаржылық әдістерді қолдану мен пайдаландығы зерттелген болатын, мысал ретінде AIFC арқылы компанияларды қайта құру, яғни Polymetal International plc, Fix Price Group Ltd және Kazakhstan Energy Reinsurance Company (KERC), KazMunayGa еншілес компаниясы арқылы шетелдік және жергілікті компаниялар AIFC-ті юрисдикцияға оңай ауысу, ағылшын құқығына қол жеткізу, салық преференциялары және AIX үшін қазақстандық тәжірибесі ретінде пайдаланған болатын [2].

Мақаланың мақсаты - қазіргі кездегі дамып келе жатқан не дамушы елдердегі кәсіпорындарға инвестициялар тарту барысындағы қиындықтарды, кейбір келеңсіз факторларды анықтау, қаржыландыруға қажетті қаржылық талдау шараларын бағалау, ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Алға қойған мақсатқа жету бірнеше міндеттерді шешкен жөн:

- инвестициялық құйылымдарды тартуда қаржылық есеп берудегі кәсіпорындардың несиелік қабілеттіліктерін талдау бойынша отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми мақалаларын сараптау;
- ҚР-дағы қажетті кәсіпорындарға инвестицияларды ұйымдастырудағы кейбір заңнамалық және әдістемелік құжаттар мен инвестициялау жағдайының әсерін бағалау;
- қаржылық есеп берудегі кәсіпорындардың несиелік қабілеттіліктерін талдау бойынша тиімді және кері әсерін тигізетін қаржы коэффициенттерінің шамасын зерттеу;
- қаржылық есеп берудегі кәсіпорындардың қаржылық жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу мақсатына жету үшін біз жалпы ғылыми әдістерді, атап айтқанда, кәсіпорындардың қаржылық жағдайын жақсарту үшін шетелдік инвестицияларды тарту мәселелеріне теориялық тәсілдерден алынған ақпарат массивін талдауға мүмкіндік беретін мазмұнды талдау әдісін қолдандық; сондай-ақ ақпараттық порталдарды, БАҚ, блогтарды зерттеуге негізделген статистикалық талдау әдістері және мәтіндік ақпаратты талдау әдістері қолданылды. Ұсынылған материал статистикалық жинақтарда (Ұлттық статистика бюросы) ұсынылған қайталама деректерді, сондай-ақ «Ел экономикасына инвестициялар тарту жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 4 желтоқсандағы №404 Жарлығын және стратегиялық міндеттерді орындау көзделетін «Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасын» зерделеуге негізделген ҚР-ның 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында белгіленген және оның 2029 жылға дейінгі негізгі

мақсаттары негізгі капиталға инвестицияларды ЖІӨ-ге 23% - ға дейін ұлғайтуды қамтиды, жыл сайын кемінде 1 150 млрд тікелей шетелдік инвестицияларды тарту және ЖІӨ-ге кемінде 2% деңгейінде ТШИ таза ағынын қамтамасыз ету [3], [4].

Жалпы, мақалада ел экономикасындағы инвестициялық жобалардың үлесін салыстыру бойынша салыстырмалы талдау, саясатты талдау және мәселелік - бағдарланған талдауы қолданылады.

Зерттеу нәтижелері және оны талқылау

Robinson, Thomas R. пайымдауынша, компаниялардағы рейтингтік кезең компанияның қаржылық есептерін талдауды, сондай-ақ компанияның қызметін кеңінен бағалауды қамтиды. Мысалы, несиелік рейтинг кезеңі өте күрделі, ол көптеген факторларды қамтиды; мысалы, салалық болжам, негізгі бизнес сегменттеріне шолу, қаржы саясаты мен мақсаттары, ерекше бухгалтерлік есеп тәжірибесі, капиталды жұмсау жоспарлары мен қаржылық күтпеген жағдайлар бойынша жоспарлары [5].

Воронцовский А.В. ғалымның пікіріне назар аударсақ, «ұйымдарда несиелік рейтингтерді тағайындау кезінде рейтингтік агенттіктер өзара қарым-қатынастың маңыздылығын атап көрсетеді, ол компанияның іскерлік тәуекел профилі мен оның қаржылық тәуекелі арасындағы қатынастар. Компанияның іскерлік тәуекелінің саласы - кез-келген рейтинг санатына сәйкес қаржылық тәуекел деңгейін анықтау» деп есептейді [6].

А.Д. Шеремет көзқарасы бойынша «Кәсіпорынның қаржы (активтер) жағдайы қаржыны тарату, пайдалану және оны қалыптастыру көздерімен (меншіктік капитал және міндеттемелер, яғни пассивтер) сипатталады» деген ұғымын ашып зерттейді [7].

2025 жылдың басына Халықаралық жобаларды қаржыландырудың күрт төмендеуі тұрақты дамуды қаржыландыруға қатысты алаңдаушылық туғызған және елдердің инвестицияларды тарту және қолдау стратегияларын әртараптандыру қажеттілігін көрсетеді.

БҰҰ-ның Сауда және Даму Министрлігінің (ЮНКТАД) Соңғы Жаһандық Инвестициялық Тенденциялар Мониторингіне сәйкес, дамушы елдерге тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) көлемі 2024 жылы 2% - ға қысқарды, бұл қатарынан екінші жыл сайынғы төмендеуді білдіреді. Өңірлердің тікелей шетелдік инвестицияларының өзгерістері, 2024 жылмен салыстырғанда 2023 жыл Дамушы елдерде -2% Африка 94 +86% Латын Америкасы және Кариб теңізі -9% Азия -7% [8].

Халықаралық жобаларды қаржыландырудың қысқаруы әсіресе байқалды, 31% - ға төмендеді. Африка мен Азия қатты зардап шекті, Африкада 200-ге жуық және Азияда 150-ге жуық жарияланған жобалар аз болды. Бұл экономикалық құлдырау Тұрақты Даму Мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізудегі прогреске қауіп төндіреді, олардың көпшілігі негізінен халықаралық қаржыландыруға тәуелді.

Дүниежүзінде ТДМ-мен байланысты секторларға инвестициялар 2024 жылы 11% - ға қысқарды, агроазық-түлік жүйелері, инфрақұрылым, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы жобалар мақсаттар қабылданған 2018 жылмен салыстырғанда аз болды. Ғалымдар өз зерттеулерінде кәсіпорындарды қаржылық қамсыздандыруда және қосымша қаржыларды тарту қабілеттіліктеріне әсер ететін негізгі факторларды, жалпы ішкі және сыртқы қаржылық факторлардың әсерін кешенді қарастырған. Дегенмен, инвестициялар құю барысында қаржылық коэффициенттердің тиімділігі мен пайдалылығына әсер ететін шамалардың өзгерістері мен мәселелері назардан тыс қалған.

2023-ші жылдың аяғында жылдық инфляция 2000-ші жылдардағы көрсеткіштермен салыстырғанда 20,3% ке дейін қарқынды өсті. Инфляциямен күресуде Ұлттық банк 2016-шы жылдан бастап барынша 6 рет мөлшерлемелерді арттырды, ал өз кезегінде инфляцияның өсімі және жалпылама саладағы қалыпсыз жағдай несиелеудегі тәуекелдерді арттырды. Тұрақсыз қаржылық жағдайда, инфляцияның өсу қарқынының жоғары деңгейінде кез-келген өнеркәсіптік кәсіпорын басқа керітартпа факторларға қарамастан, өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, нарықтық позиция және оның экономикалық өсуін

қамтамасыздандыруды қажет етеді. Осы ретте кәсіпорын міндетті түрде өз өнімдерін үнемі жетілдіріп отыру, заманауи технологияларды және жабдықтарды енгізу қажет.

Меншікті ресурстардың жеткіліксіз деңгейі, олар осы процестерді қаржыландыру үшін сыртқы көздерге жүгінеді, ол үшін инвесторлар үшін тартымдылықтың жеткілікті деңгейі болуы қажет. Инвестициялар кәсіпкерлік субъектілерінің қызметінде шешуші рөл атқарады. Инвестицияларды тарту оларға мүмкіндік береді.

Компанияның инвестициялық тартымдылығы оның нарықта қалыптасуының әлауқатын сипаттайтын негізгі шарттардың бірі болып саналады. Инвестицияларды тарту компанияға соңғы жоспарларды жүзеге асыруға, өндірістік күштерді жетілдіруге, сондай-ақ нарық үлесін арттыруға мүмкіндік береді. Инвесторлар компанияның инвестициялық тартымдылығында маңызды рөл атқарады. Олар стратегиялық мәселелерді жүзеге асыру және бизнесті қалыптастыру мақсатында талап етілетін экономикалық әлеуетті береді. Институционалдық, жеке және бөлшек сауда сияқты инвесторлардың түрлерін ажырату маңызды, өйткені олардың мүдделері мен шарттары айтарлықтай ерекшеленуге барлық мүмкіндіктерге ие. Инвесторлардың әртүрлі сорттарының ерекшеліктерін ұсыну компанияға өзінің мақсатты аудиториясын құруға және инвестицияларды тарту стратегиясын құруға көмектеседі [9].

Қосымша бәсекелестіктің артықшылығы мен көбінесе өсу қарқынның күшті құралы бола тұрып, инвестициялық тартымдылық инвестордың инвестициялау қабілетіне тікелей әсер ете алады. Осыған байланысты инвестициялық тартымдылықты бағалау мен жетілдіру тәсілі кәсіпорынның, компанияның инвестициялық тартымдылығын бағалау таңдауда шешуші рөл атқарады. Нарық жағдайында кәсіпорын инвестициялық объект ретінде қарастырылуы заңды, яғни әрбір әлеуетті инвесторлар ақша құйылатын кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметінің көрсеткіштеріне зерттеуге жүгінеді және нақты назар аударады.

Кәсіпорындардың қаржылық тартымдылығын бағалауда мыналарға басты назар аудару дұрыс: зерттелетін кәсіпорында басқа бәсекелес фирмалармен салыстыру. Әлеуетті инвесторды таңдау көбінесе бәсекелестермен салыстырғанда оның қаржылық айналымдылық деңгейіне байланысты.

Келесі назар аударатын фактор - ұйымның экономикалық өміршеңдігі және оның қаржылық жағдайының тұрақтылық дәрежесі, бұл параметрлер компанияның инвестициялық тартымдылығын сипаттайды. Бұл көрсеткіштер заңмен бекітілген нормативтерден анағұрлым артық және банктік сектордағы потенциалды тәуекелдерді жабуды қамсыздандырады.

Шағын және орта бизнес кәсіпорындары қазірдің өзінде жеке сектордың ажырамас бөлігіне айналды, ШОБ дамыған және дамушы елдердің көпшілігінің экономикасындағы экономикалық өсудің негізгі факторларының бірі.

Алайда, Қазақстанды қоса алғанда, Орталық Азия елдері үшін, ШОБ дамуының жолындағы ең негізгі кедергілердің біріне қаржыландыруға қол жеткізу жатады екен.

А. Пак пікірінше, қаржыландыруға қол жеткізу ШОБ-тың өсуіне маңызды кедергі болғандықтан, қаржы және құқықтық институттар бұл шектеуді жеңілдетуде маңызды рөл атқарады және қаржыландырудың инновациялық құралдары жақсы дамыған институттар болмаса да, ШОБ-тың қаржыландыруға қол жеткізуін жеңілдетуге көмектеседі. 2024 жылдың IV тоқсанында ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі 39,7% жинады — бұл өткен жылмен салыстырғанда 3,2 артық. ШОБ субъектілерінің өнім шығару көлемі 19,2% - ға ұлғайып, 81 трлн теңгеге жетті. Секторда жұмыс істейтіндердің саны 4,4 миллион адамға дейін өсті. Ең көп 17 мың бизнес-жоба қажетті сомаға 1 трлн теңгеге жеңілдікпен қаржыландыруды, тағы 8 мың бизнес-жоба — 310 миллиард теңгеге кепілдікті сатып алды. Өңдеу өнеркәсібі, автокөлік, қойма және білім беру басым тенденцияларға айналды. Бизнес-жобаларды жүзеге асыруға сәйкес басшыларды Алматы, Астана, Шымкент, сондай — ақ облыстар-Алматы, Түркістан, Ақтөбе бастады. Басшылық 12,6% белгіленген мөлшерлемемен бірге

жеңілдетілген несиелеудің соңғы бағдарламасын әзірлеуде. Беруге сәйкес қаулыларды енді екінші деңгейдегі банктер жүзеге асыратын болады, бұл өтінімдерді қарау уақытын азайтады. Екі жаңа кепілдік қоры құрылды:

- Бизнес-жобалар мүддесінде 7 миллиард теңгеге дейін: 85% - ға дейін кепілдік қамтамасыз ету, яғни 3,5 миллиардтан аспайтын, 15 жылға дейінгі кезең.

- Ірі бизнес-жобалардың мүддесі үшін 7 миллиард теңгеден астам: 30% - ға дейін кепілдікпен қамтамасыз ету, жеке тәсіл.

Кепілдік қорлары бұған дейін қажетті сомасы 36 миллиард теңгеге 319 бизнес-жобаға қолдау көрсеткен болатын.

«Даму» Қоры қаржыландыру көлемі 750 миллиард теңгені құрайтын «Өрлеу» жаңа бағдарламасын іске қосады. Сыйақы мөлшерлемесі — жылдық 12,6% - ға дейін, кезеңге-10 жылға дейін. Бағдарлама шеңберінде:

- инвестициялар 7 миллиард теңгеге дейін;

- айналым қаражатын 3,5 миллиард теңгеге дейін толықтыру;

- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап берілген несиелерді қайта қаржыландыру.

2024 жылы «Даму» Қоры қажетті сомасы 1,7 трлн теңгеге 29 513 бизнес-жобаны қолдады. Бұл өнім шығарудың 25,4 миллиард теңгеге ұлғаюына, салықтардың 1,7 трлн теңгеге түсуіне, сондай-ақ 10 мыңға жуық жаңа жұмыс орындарының қалыптасуына әкелді[10]. Әсіресе ресурстардың қымбаттауы барысында әртүрлі көздерден қаржы тарту несиелердің құнын одан әрі қымбаттатуда, бұл банктердің кіші кәсіпорындардың қаржы көрсеткіштерін бағалауды қиындатады.

Қарыз алушы-корпоративтік клиент төлем қабілетті болуы үшін, яғни қаржы-шаруашылық ерекшеліктеріне сай ол төлем міндеттемелерін уақтылы қанағаттандыру керек, несиелерді қайтару, басқа кәсіпорындармен есеп-айырысу, кәсіпорын қызметкерлерлеріне жалақы төлеудің барысы және бюджетке төлемдерді және салықтарды уақытында төлей алу қабілеттіліктері ескеріледі. Ұйымның қаржылық тұрақтылығы кейде бір мезгілде, бірақ түрлі бағыттармен әрекет ететін факторлардың кең ауқымына әсер етеді.

Қызметтің көрсетілетін нақты түрлеріне байланысты кәсіпорынның тұрақтылығына әсер ететін факторлар да өзгереді. Кейбір ғылымдардың зерттеулеріне сай, 15% компаниялар ағымдағы қызметтері үшін кедергі келтіретін факторлар қатарында қаржыландыруға қол жеткізу күрделі екендігін, 18% —орташа дәрежеде кедергілер болатынын, ал ескеретін бір жағдай 50% кәсіпорындар қаржыландыруға кедергілер жоқ екендігін айтты [11].

Коммерциялық банктер қаржыландырудың негізгі көзі болып саналады. ШОБ субъектілерінің 82% несиелерді коммерциялық банктерден алса, 7%-ті банктік емес қаржы институттары мен микро қаржы ұйымдарынан алған. Алайда, 12% кәсіпорындар жеке қайтарылмаған несиелер бар екендігін көрсетті және олардың 24% соңғы 3 жыл ішінде жаңа өнімдер мен қызметтерді нарыққа енгізгенін мәлімдеген.

Ескеретін жағдай, дамыған елдердің тәжірибелерін зерттей келе, кез келген венчурлық қордың қызметтерін талдау жасағанда олар кіріс, технология, өнеркәсіп және т.б. іздестіретінін байқауға болады.

Мүмкіндігінше жарамсыз компанияларды сараптау мақсатында, венчурлық инвесторлар процесінің басталуы мыналардан туындайды:

1. Жан-жақты сараптау. Венчурлық инвесторлардың мындаған қаржыландыру өтінімдерін қарау процесі скрининг деп аталады. Бұл зерттелетін талдаушының стартап алаңдарын қарап шығуын және бір қарағанда инвестициялауға ең жақсы үміткерлер болып көрінетін нәрсені сүзуді қамтиды (әдетте жалпы көлемнің шамамен 15-20%).

2. Серіктестіктерге шолу. Компания талдаулардан өткеннен кейін, неғұрлым қатаң шамалар қатарында венчурлық капитал қорының серіктестеріне ақпарат береді.

3. Қаржыландырушымен кездесу. Атауынан көрініп тұрғандай, осы жерде венчурлық фирма стартаптың негізін қалаушымен және оның басқару тобымен кездеседі, яғни инвестиция сұраушы инвесторлар тобымен нақты кездеседі.

4. Ішкі шолу. Стартаптың негізін қалаушылармен кездесіп, бизнес - үлгімен танысқаннан кейін, венчурлық капитал фирмасының серіктестері ішкі шолуды өткізеді. Олар сондай-ақ осы шолуларды өздері көрген стартаптарға ықтимал ұсыныстарды талқылау үшін пайдаланады.

5. Тиісті кешенді тексеру. Венчурлық капиталды мұқият тексеру - бұл компанияның тәуекелдері мен мүмкіндіктерінің не екенін түсінетін күрделі процесс, бір уақытта бірнеше тиісті тексеру процедуралары жүргізілетіндіктен, венчурлық фирма бұл процесті технологияны қолдана отырып жүргізуі мүмкін.

6. Инвестициялық комитет шешімі. Әрбір ықтимал инвестицияны тиісті тексеру процесінің нәтижелері инвестициялық комитетке қандай компаниялардың ұсынысқа лайық екенін шешу үшін ұсынылады.

7. Жабу. Жобаға ұсыныс жасалады, мәміле шарттары көрсетілген мерзімдер парағы жасалады. Ақша жобаға аударылады және олардың ақшадан кейінгі кезеңі басталады.

Осы кезеңдегі қаражаттардың өсуін жеделдету үшін біріктіруге және сатып алуға пайдалануға болады. Кейбір елдерде компанияларды зерттеуде басқа да көрсеткіштер назарға алынады, олар үнемі өзгерістерге ұшырап отыр. Инвестициялық жобалардың қаржылық тиімділігін каскадты талдау-бұл инвесторлар мен акционерлер фирманы сату кезінде әр акционердің қанша алатыны туралы қаржылық модельдерді әзірлеу үшін қолдана алатын әдіс [12].

Дамушы елдердің мысалында 2021–2023 және 2022–2023 жылдардағы жобалар санының өзгерістері пайыздық өзгерістер түрінде 1-ші кестеде берілген.

Кесте 1 – Дамушы елдер бойынша 2021–2023 және 2021–2023 жылдардағы жобалар санының өзгерістері және өсу қарқыны


Салалық бөліктер / жылдар	2021	2022	2023	Өсу қарқыны, 2021-2023 жж (%)	Өсу қарқыны, 2022-2023 жж (%)
Инфрақұрылым көлік инфрақұрылымы, электр энергиясын өндіру және тарату (жаңартылатын көздерден басқа), Телекоммуникациялар	730	945	1 022	40	8
Жаңартылатын энергия көздері	372	687	655	76	-5
Сумен қамсыздандыру, санитария және гигиена (WASH)	32	36	30	-6	-17
Агроөнеркәсіптік жүйелер. Ауыл шаруашылығы өндірісі және процестері; тыңайтқыштар, пестицидтер және басқа химиялық заттар; зерттеулер мен әзірлемелер;	368	305	346	-6	13
Денсаулық сақтау және білім беру	277	317	337	22	6
Ескерту: дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған [13]					

Есептемелерге қарағанда, дамушы елдердегі жыл сайынғы инвестиция тапшылығы 2021 жылғы 2,5 триллион доллардан 4 триллион долларға дейін өскені көрсетілген. Өсім жеткіліксіз инвестициялармен де, қосымша қажеттіліктермен де байланысты. Дамушы елдердің жылына 2,2 миллиард долларға бағаланған энергетикалық инвестицияларға деген қажеттілігі бұл алшақтықтың жартысынан көбін құрайды. Бұған энергия өндірісіне инвестициялар, энергия тиімділігі және төмен көміртекті технологиялар мен энергия көздері жатады. Сумен жабдықтау және көлік инфрақұрылымы саласында да үлкен алшақтықтар бар.

Дамушы елдерде инвестицияларындағы өсіп келе жатқан алшақтық әлемдік капитал нарықтарында тұрақты дамуға инвестициялар саласында байқалған оң үрдістерден айырмашылығы бар. 2022 жылы тұрақты қаржыландыру нарығы 10% - ға өсіп, 5,8 триллион

долларға жеткен. Жаһандық ауқымда 2023 жылғы инвестициялық саясат шараларының саны бес жылдағы орташа көрсеткішке сәйкес келді, шаралардың төрттен үш бөлігі инвесторлар үшін қолайлы болды. Инвестициялау рәсімдерін жеңілдету шаралардың жалпы санының рекордтық 30% - на жетті.

Қазіргі кезде қаржыландырудың азаюы жағдайында несиелік бағдарламалар, облигациялар шығару ең қажетті бағалы қағаздардың бірі болып отыр. Бұл жетіспеушіліктерді қаржыландырудың басты бағыты деп айтсақ та болады. Халықаралық нарықта облигациялардың халықаралық шығарылымы 2018-2023 жж. аралығында (облигациялар шығару, миллиард доллармен, 2018-2023) өзгерістерге ұшырады (Сурет 1).



Сурет 1 - Облигациялардың халықаралық шығарылымы 2018-2023 жж. аралығында (Облигациялар шығару, миллиард доллармен, 2018-2023)

Ескерту: дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған [13]

Зерттеулерге қарағанда дамушы елдерде тұрақты даму мақсаттарына инвестициялауда әлі де үлкен алшақтық бар. 2030 жылға қарай тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізу үшін болжамды жыл сайынғы инвестициялық тапшылық, жалпы және секторлар бойынша, күрделі шығындар, триллиондаған долларды құрайды. 2021 жылы айтарлықтай өскеннен кейін 2022 жылы жаһандық ТШИ 12%-ға 1,3 триллион долларға дейін қысқарды, бұл негізінен жаһандық дағдарыстардың - азық-түлік пен энергияның жоғары бағасының және өсіп келе жатқан мемлекеттік қарыздың салдарынан болды.

Дамушы елдерге құйылатын қаржылық ағындардың жеткіліксіздігі инвестицияларды ынталандыру шараларының болмауынан туындады. 2023 жылы дамушы елдер қабылдаған инвестициялық саясат шараларының 86% инвесторлар үшін қолайлы болды. Инвестициялық саясатты құрушылар негізгі нарыққа кірмейтін компаниялар үшін тұрақты даму туралы есеп беру стандарттарының жағымсыз салдарын ескеруі керек.

Атап айтқанда, дамушы елдердегі шағын және орта бизнес үшін олардың нарықтарға қол жеткізуіне және жаһандық жеткізу тізбегіне қатысуына әсер етуі мүмкін өсіп келе жатқан ашу талаптарын қанағаттандыру қиын болуы мүмкін. Есеп беру барысында құрылымдық шаралар мен есептеу әдістеріне басты назар аударған дұрыс.

Циклдік модельдеу – бұл инвесторлар мен басшылыққа компанияның капиталдандыру кестесінің қалай өзгеретінін көруге мүмкіндік беретін қаржылық әдіс. Осы қаржылық модельді қолдана отырып, компаниялар компанияға инвесторлардан келетін жаңа инвестициялардың мөлшері мен мерзімі туралы маңызды шешімдер қабылдай алады. Бұл өз компаниясын дамытқысы келетін кез-келген стартап үшін, сондай-ақ капиталдандыру кестесін және қолданыстағы акционерлер үшін үлесті азайту салдарын басқару үшін өте маңызды.

Соңғы кездердегі корпоративтік банктік қызметтер сегментін 20 елде талдаулар көрсеткендей, бүкіл әлем бойынша орташа кірістілік (ROI) 13% құрайды, ал мәндер нөлден 30% - ға дейін өзгереді және банктердің шамамен 60% - ы 15% - дан төмен кірісті қамтамасыз етеді.

Талдаулар көрсеткендей, елдердің аумақтары банктердің қызметтерінің нәтижелеріне және корпоративті банкінг қызметіне ерекше әсер етеді. Қазіргі кезде кәсіпорындардың құнын дұрыс бағалау, оларды несиелеу дұрыс ұйымдастыруды қамсыздандырады. Кәсіпорын құнын бағалау – белгілі бір күнге кәсіпорын құнын есептеу және дәлелдеу.

Несие мен мәмілелерді қамтамасыз ету үшін қандай да бір жылжымалы мүлік бөлігіне кепілді рәсімдеу және кәсіпорынның іскерлік беделіне басқа кәсіпорындар тарапынан заңсыз әрекеттермен келтірілген зияндарды анықтау кезінде кәсіпорын құнын бағалауда жүзеге асырылады [14].

Мақалада зерттелген себептерден, кәсіпкерлік және клиенттің бизнес-тәуекелдерін скоринг негізінде бағалауда - заңды тұлға не корпоративті қарыз алушының несиелік қабілеттілігін анықтау өзекті күйде қалып отыр. Осы көп қолданылатын скоринг, негізінен, жеке тұлғалардың несиелік қабілеттілігін бағалауда тез және жеткілікті нәтижелер алу үшін қолданылатын әдіс.

Қаржы жағдайы туралы есеп беретін кәсіпорындардағы монетарлық активтер монетарлық пассивтерден асатын болса, онда бағаның өсуі және ақша бірліктерінің сатып алу қабілетінің төмендеуі жағдайында компания осы активтердің құнсыздануынан зиян шегеді. Негізгі құралдардың құны көп жағдайларда инфляцияның әсерін тез сезінеді.

Жалпы кәсіпорындардағы қаржылық есеп беру - бұл кәсіпорындардың есепті кезеңдегі қаржы-шаруашылық қызметіне толығымен сипаттама беретін, негізгі нысандарға бірдей топтастырылған көрсекіштер жүйесі. Қаржылық есеп беру мәліметтерін кәсіпорынның тиімділігін бағалау мақсатында, сондай-ақ шаруашылық қызметін жедел басқару үшін сыртқы пайдаланушылар пайдаланады.

Жалпы қаржылық есеп беруде мынадай негізгі қаржы көрсеткіштерінен қалыптасқан:

1. Бухгалтерлік нысан;
2. Пайда мен зиян туралы есептер;
3. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп;
4. Капитал өзгерістері туралы есебі.

Кәсіпорындардың қаржы есептерін бағалаудағы маңызды бағыттардың бірі - баланстың активтерін топтастыру және активтерді бағалау. Дебиторлық қарыздың айналымдылық мерзімі ұзақ болған сайын оны қайтармау тәуекелі туындайды. Сондықтан бұл көрсеткішті талдағанда әрбір заңды және жеке тұлғаға қатысты дебиторлық қарыздың құрылым мен сапасына, оның пайда болу себептері мен қайтарылу жағдайын басты назар аудару қажет.

Айта кетерлігі инфляция дебиторлық және кредиторлық қарыздардың шамасын, негізгі құралдардың және тауарлық-материалдық құндылықтарды дұрыс есептемеуге алып келеді. Атап айтқанда олар мынаны көрсетеді:

- Ресурсстарды араластырудың ағымдық құнымен салыстырғанда сатылған өнімнің құнының шамасы кемиді;

- Инфляция жағдайында пайданың шамасы көтеріңкі болады;

- Капитал салымының тиімділігін сипаттайтын компания рентабелділігін, қаржы жағдайын сипаттайтын қаржылық коэффициенттердің есептілігінің нәтижелері өзгереді.

Өзгермелі экономикалық жағдайларға сай, қазір аз уақыт аралығында банктер кәсіпорындардың қаржылық жағдайын бағалау үшін сұралатын қаржы есептемелерін, бағалау коэффициенттерін үнемі өзгертіп отырады. Және банктер ұзақ мерзімге берілетін несиелердің көлемін азайтады. Кірістер мен шығындар құрылымының (73%) арақатынасы осы бизнесті жүргізудің шығындарының жоғары болатын, оперативті тиімділік пен технологияларды дамыту қажеттілігі үшін жаңа әдістер пайдалану қажеттілігін көрсетеді

